

ҚАЗАҚ
ГАЗЕТТЕРІ




АЖАМАТ АРНАСЫ
АЖАМАТ АРНАСЫ
АЖАМАТ АРНАСЫ

«Кейкі батыр» атты еңбек жарық көрді



XX ғасыр адамзат баласының санасында қандай оқиғасымен есте қалды дейтін болсақ, бірінші болып 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі еске түседі. Бұл көтеріліс – тәуелсіздікке жетуге бағытталған алғашқы сәтті қадам еді. Осы көтеріліске белсене қатысқан Нұрмағанбет Көкембайұлы деген азамат дүниеден өткен. Халық айтып жүрген көзмерген Кейкі батырымыз осы кісі. Кейкі туралы білетініміз аз. Мәліметтер жоқтың қасы деуге әбден болады. Осындай батыр өміріне қатысты кемшін тұстарды толықтыруға кейіннен көптеген еңбектер жазыла бастады. Бірақ, көбі әдеби көркем туынды болды. Жуырда осы мәселені шешуге, кем-кетігін толықтырып, ұлт тарихының жыртылған, өртенген беттерін жамау, қалпына келтіру мақсатына орай белгілі қолөнер шебері, Қостанай облысының «Қазына» меценаттар сыйлығының иегері, Арқалық қаласының құрметті азаматы, өлкетанушы – Шөптібай Байділдин «Кейкі батыр» атты еңбек жазып, ұлт тарихына қызығушы оқырман қауымның назарына ұсыныпты дегенді естіп, көнекөз қарияға барып мәнжайды сұрастырған едік.



-Аға, Кейкі батыр өміріне қатысты мәселе дау-дамайлы екені баршаға аян. Осындай қиын салаға қалай батыл қадам жасадыңыз?

-Мен біріншіден, осы аймақта туып өскен адаммын. Екіншіден, Кейкі батыр жайлы кітап жазуды сонау 1963 жылдан бергі жоспарым еді. Мен Кейкінің көзін көрген, батырмен дәмдес болған қариялармен жиырма екі жыл аралас-құралас болдым, әңгіме-дүкен құрғанмын. Кейкі жайлы ел аузынан жинастырған мағлұматтар елу жылдың еңбегі.

-Бәрекелді! Бұл кітаптың жарық көруіне кім демеушілік етті?

-Аталмыш еңбегімнің жарық көруіне қаржылай көмек жасаған Халық қаһарманы, Кеңес Одағының Батыры Сағадат Нұрмағамбетов атындағы хордың төрағасы, ұлтжанды азамат Махмұт Нәлібаев. Осы азаматқа шексіз алғысымды білдіремін.

PS: Бұл кітапқа бұрын –соңды баспасөз бетінде жарияланбаған Кейкі батырдың қилы тағдыры жайлы батырдың тұстастары мен көзін көрген қарттардан естіген әңгімелер, батыр өмір сүрген кезеңдегі Торғай өлкесінің тыныс-тіршілігі, Ұлытау мен Ұлы Жыланшық аймағынан жиналған материалдар мен фотосуреттер енген.

Кітапқа Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры, география ғылымдарының докторы С.Б.Қуанышбаев пен айтыскер ақын, филология ғылымдарының кандидаты, доцент А.К.Қалиев алғысөз жазыпты. Қос ғалым өлкетанушының бұл еңбегіне: «...Шөптібай Байділдиннің бұл еңбегі күрмеуі шиеленіп шешілмей жүрген осы бір мәселені шешуге талпынған еңбектің бірі деп есептейміз» немесе «...бұл еңбек 1916 жылғы Торғайдағы ұлт-азаттық көтерілістің қаһарманы, ұлт батыры Кейкі Көкембайұлының тарихи бейнесін ашуға бағытталған бағалы еңбек» -деп, пікір беріпті.

PSS: Кейкі – тарихи тұлға. Кейкі – қазақтың рухы. Кенесары, Кейкі секілді рух берер батырларымыз жайлы тарихтан сөз келгенде ауыз толтырып ештеңе айталмаймыз. Бастары да орыстардың меншігінде. Бассыз қалған дене-мүрделерінің қасына бастарын алдырып, арулап қайта көмуді қажет екенін естен шығармағанымыз абзал! Осындай олқылықтардан кейін тарихты қайта жазу керек деп ойлайсың...

Не десек те, Кейкі батырға арналған тың деректі жаңа кітап жарық көрді. Сүйінші, ағайын!